Шәкен ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық өкілдері, ардагерлер кеңесінің төрағасы және ауыл тұрғындарының қатысуымен өткізілген жиналысының ХАТТАМАСЫ № 1

Өткізілу орны: **Ауылдық клуб**
Өткізілу уақыты: **2026 жылғы 5 қаңтар**

Жиналысты ашып жүргізетін: **Ауыл әкімі Б.Сарсенбаев**

Ауылдың жалпы қоғамдастық жиналысы мүшелерінің саны – 20 адам, жиналысқа қатысқандар саны – 15 адам. Белгілі себептермен жиналысқа қатыспағандар саны – 5. Қосымша қатысушылар саны – 6 адам.

Шәкен ауылдық округінің әкімі Б.Сарсенбаев:

-Жиналысты жүргізу үшін төраға мен жиналыс хаттамасын жүргізу үшін хатшыны сайлау қажет.

Жергілікті жердегі жиналысты жүргізетін жиналыс төрағасы: **Сейталиев Амантай**.

Жиналыс хатшысы: **Надирова Малика** болып сайлау туралы ұсыныс түсті. «Қолдағандар» - 15 «Қарсы» - жоқ, «Қалыс қалғандар» - жоқ дауыс берілді.

Әрі қарай жергілікті қоғамдастық жиналысын ашып күн тәртібіндегі мәселе туралы таныстырды.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **Шәкен ауылдық округі бойынша ауданға қатынайтын жолды қардан ашып тазалау жұмыстарына байланысты.**

Шәкен ауылдық округінің әкімі Б.Сарсенбаев:

- Құрметті Шәкен ауылының қоғамдастық кеңесі Төрағасы және қоғамдастық мүшелері, осы жиналысты өткізудегі басты себеп , яғни жиналыстың күн тәртібіндегі мәселеге байланысты ұсыныстарыңызды жергілікті қоғамдастық жиынында қарауды ұсынамын.
«Шәкен ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылға арналған бюджеттік қаржылық жоспарында ауылдық округ бойынша автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету яғни аудан орталығына қатынайтын жолдың қардан, құмнан тазалау, күтіп ұстау мақсатында қаралған қаржыны: Қолданыстағы Мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарына 10 бабында 1. Конкурс; 2.Аукцион; 3.Баға ұсыныстарын сұрату; 4. Бір көзден алу; 5. Электрондық дүкен арқылы, негізінде қаржыны игеру қарастырылған. Алайда, мемлекеттік сатып алудың конкурстық тәсілін қолдану үшін мемлекеттік

сатып алу порталына конкурс жариялау тәртібі арқылы жүргізілген жағдайда жеңімпаз анықталғанша бірнеше апта күн уақыт қажет ететіндіктен уақыттың тығыздығына орай осы баптың 4 тармағында көзделген «Бір көзден сатып алу» тәсілімен жүргізу мүмкіндігі қарастырылған. Осыған орай, қазіргі таңда, жолды қар басып, жол қатынасының қиындық тудыруына байланысты, бір көзден алу тәсілі арқылы жолды қардан тазалау қызметін шұғыл пайдалануға қажеттілік туындап отыр.

Жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы А.Сейталиев

-Құрметті қоғамдастық мүшелері, жиналыстың күн тәртібіндегі мәселеге байланысты және ауыл әкімінің баяндап өткен Заңнама талаптары түсінікті болды. Дегенмен ауылдық округімізден аудан орталығына жол қатынасының қар басып, жол жүру мүмкіндігі болмай тұрғанын көріп отырсыздар. Осы жерде менің ұсынысым, егер Заңнама талаптарында бір көзден алу тәсілін қолдану қарастырылған болса, уақытты өткізбей, тез арада жолды тазалау жұмыстарын жүргізу қажет деп санаймын. Осыған орай құрметті қоғамдастық кеңесінің мүшелері, Сіздер өз ұсыныстарыңызды айтыңыздар.

Сіздердің пікірлеріңізді тыңдасақ.

А.Умбетов – қоғамдастық мүшесі

Шәкен және Шилі ауылының тұрғындары ауданға жету үшін жол азабын көріп отыр. Үстін үстін жауған қар жолды басып қалып, баратын жерге жету мүмкін болмай 5-6 сағат дегенде әрең жетіп жатыр. Ауылдан ауданға дейінгі жолды ашуға ауыл әкімі ретінде осы қар басқан жолымызды ашуға тиісті шараларды қабылдауыңызды сұраймын. Мемлекеттен шалғай елді мекендердің қар басқан жолдарын тазалауға қаржы қаралған болса, заңға қайшы келмейтін жолын қарастырып, осы мәселені шұғыл қолға алмасаңыз жағдайымыз қиындап кетті

А.Утетилеуов – қоғамдастық мүшесі.

Елдегі болып жатқан уақытша қиындық болса да барлығымыз көріп отырмыз. Аудан орталығынан ауылға және ауылдан аудан орталығына қатынай алмай қалдық. Жолды тез арада қардан ашылғанын күтеміз, жұмыс бабымен аудан ортавлығына шықсақ уақытында жете алмай, мектептен жарысқа баратын балдар да, емтиханға баратын балдарымызды да уақытында жеткізе алмай. жолда қарға батып қалып жатырмыз. Студенттер ауылға қайта алмай қалып жатыр. Техникалар далада қалып қойса қиын, екі-үш машина қатарласып бірге шығып жатыр, жол азабын жүрген біледі демекші жол қиындығы қиындық туғызып отқаны белгілі. Жолды қардан тазартуға грейдер керек. Қанша халық азық-түлік алып қайтқысы келеді, дүкендерімізге дер уақытында керекті азық-түліктерді де жеткізе алмай, ұзақ жолдан үсіріп алып жатыр. Заңның аты заң әрине, бірақ конкурс арқылы жолды тазалайтын жеңімпазды күтіп отыратын уақыт емес қой.

Заңда рұқсат еткен мүмкіндіктерді пайдаланып, тиісті шараларды уақытты созбай қолданып, жол ашып беріңіздер.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша жергілікті жиналыс төрағасы А.Сейталиев кеңес мүшелерінің дауыс беруін сұрады.

Дауыс беру нәтижесінде «қолдағандар»-15, «қарсы»-0.

Шәкен ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық өкілдері жиналысы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Шәкен ауылдық округі әкімі аппараты» КММ-сі жиналыста қоғамдастық мүшелері мен ауыл тұрғындары атынан көтерілген барлық талап тілектер ескеріліп хаттамаға түсірілсін.
2. Жергілікті қоғамдастық жиналысы хаттамасының 1 данасы «Шәкен ауылдық округі әкімі аппараты» КММ-сіне тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы: **Сейталиев Амантай**

Жиналыс хатшысы: **Надирова Малика**